

Қ.М. Хамзина<sup>1</sup>, М.Т. Оспанғалиева<sup>1</sup>, Ж.З. Кадина<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup> Қарағанды техникалық университеті, Қазақстан;

<sup>2</sup> Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан  
(E-mail: jako199473@mail.ru, omendikul@mail.ru, kadina\_71@mail.ru)

## Қасым Аманжолов поэзиясының көркемдік–эстетикалық ізденіс сипаттары

Мақалада қазақ халқының дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың шығармаларына жасалған талдау тұжырымдары мен нәтижелері берілген. Басты назарда автор шығармаларындағы пайдаланылған көркемдік тәсілдердің өзара байланысы, көркемдік–эстетикалық ізденістер жүйесі сараланған. Қаламгердің өзіне тән қолтаңбасы, асқан шеберлік нақыштары, стильдік даралығы талдау арқауына айналып, терең талқыланды. Зерттеу барысындағы талданған шығармаларда мазмұн мен пішін, тарихи шындық пен көркемдік шешім т.б. мәселелерге баса назар аударылған. Қасым Аманжоловтың өзіне тән шығармашылық стиліне арқау болған, өзі ұстаз тұтқан ұлы ақындардың тигізген әсері де сараланып өтілген. Сонымен қатар, мақалада Қасым Аманжолов тек лирик емес, ірі эпик ақын екені, яғни ақын поэзиясының өміршендігі, ақын мұрасының асқан құндылығы жайында айтылған.

*Кілт сөздер:* поэзия, ақын, шығарма, жанр, талдау.

### *Кіріспе*

Әдебиет — көркем өнердің бір түрі. Оның өзіндік ерекшелігі, қасиет, сипаттары, өнердің басқа түрлерінен айырмашылығы болатыны мәлім. Егер, тұжыра айтсақ, өнер — адамтану ғылымы. Оның зерттеу нысаны — Адам. Адам – тіршілік иелері арасындағы ең қуатты, ең күрделі жаратынды. Ғылымның түрлі саласы өкілдерінің де зерттейгіні — Адам. Адам — пендеге бәлендей айқын емес жайттар өнерге мәлім. Адам — жұмбақтың беймәлім сырларын ашуға да тырысатын да — өнер. Сондықтан да Алла мен Адамның арасындағы елшілік міндетін атқарушы — ақын–жазушы деген сөз де тегін айтылмаса керек. Ұлттық санаға бұғау салынған кешегі тоталитарлық дәуір қарсаңы мен бүгінгі тәуелсіздік заманында өнер туындысына талдау жасаудың арасы жер мен көктей екені мәлім. Сондықтан да кешегі дәуірде айта алмаған шындықты бүгін айтып жатырмыз. Демек, ұлттық әдебиетке талдау жасау дегеніміз белгілі бір принцип, қағида–ережелерге сүйену деген сөз. Ал, көркем шығарманы талдау, әділ бағасын беру әдебиеттану ғылымының міндеті екені аян.

Ақын–жазушыларымыздың қандай шығармасын алып қарасақ, құндылық сипаты көркемдік–эстетикалық сапасымен өлшенетіндігі ақиқат. Ол рухани шүйгіндігінің құнарын адам болмысынан іздейді, сондықтан да, көркем әдебиеттің өзіндік табиғатын жете меңгеру деген сөз шығарманың танымдық, тәлімдік, эстетикалық қырын кешенді түрде талдау деген ұғымды білдіретінін пайымдағанымыз орынды.

### *Зерттеудің деректері мен әдістері*

Зерттеу барысында Т. Ақшолақов, Б. Сманов, Қ. Алпыспаев, Қ. Жүсіп т.б. шығарма талдаудың үлгілеріне көбірек орын берілді. Қ. Аманжолов шығармаларын талдаған еңбектер енгізілді. Басты назарда солардың шығармаларындағы көркемдік тәсілдер, көркемдік–эстетикалық ізденістер жүйесі сараланды. Қаламгер қолтаңбасы, шеберлік нақыштары, стильдік даралығы талдау арқауына айналды. Талданған шығармаларда мазмұн мен пішін, көркемдік әдістер, тарихи шындық пен көркемдік шешім т.б. мәселелерге баса назар аударылды.

### *Негізгі бөлім*

Данышпан Абай өлең мазмұны мен пішіні туралы, олардың бір–біріне үндестік–гармониясы туралы «іші алтын, сырты күміс» деп тұжырымдаған болатын. Қай шығарманың да мазмұны мен пішіні бірін–бірі толықтырып, тағы да Абай айтқандай, «сылдырап өңкей келісім тасбұлақтың суындай» сұлулыққа көшіп, бір–біріне жан бітіргенде ғана өз оқырманын табады, оның жүрегіне жетеді, оған эстетикалық нәр береді. Мұнсыз ешбір шығарма өміршен бола алмайды. Мазмұн мен пішін үндеспеген туындының өмірі қысқа, ондай шығармалар әсемдік аренасынан шығып қалады, ұмытылады. Шығарма мазмұны мен пішініне көптеген категориялар енетіні әдебиет теориясынан

белгілі: жанр, тек, түр, тақырып, идея, сюжет, композиция, тіл, стиль және т.б. бірақ осылардың ішінде көркем шығарманың құндылығын арттыратын, шоқтығын биік көтеретін компонент – тіл, көркем сурет сөзі, шығарманың көркемдік–эстетикалық өре–деңгейі. Туындының сюжеті, композициясы әлсіз болуы мүмкін, ал тілі нәрсіз болса, оның еш құны жоқ, сондықтан да прозашы болсын, драмашы болсын, ақын болсын, ең алдымен барлық назарды шығарма тіліне аударуға, бар қабілетті «тілдің түрін түрлеуге» жұмсауы шарт. Бұл уақытша нәрсе емес. Бұл әрекет – қаламгердің бүкіл шығармашылық ғұмырында, өмірбақи еш толассыз өрбіп, өрістей беретін, жетіле беретін көркемдік процесс. Әр суреткер өз үнін осылай табады, стильдік ерекшелікке осылай жетеді.

Қазақ әдебиетінде өзінің бет–бағытын анықтаған, стилін тапқан ешкімге ұқсамайтын, өз мәнер–машығына өзіндік үнімен жеткен, әдебиетімізге қайталанбас мәнер, сөз қолданудағы айнымайтын тәсіл, тасқындай аққан сөз нөпірімен, тіліндегі бейнелілігімен, астарлы ойы арқылы логикалық тереңдікке жеткен қаламгердің бірі — Қ.Аманжолов.

«Ақын — қоғамның, уақыттың, азаматтың органы және өкілі», – деп орыстың ұлы сыншысы В.Г. Белинский айтқандай, қандай ақын–жазушының болмасын, шығармашылығын өзі өмір сүріп отырған дәуірдің әдеби үдерісінен бөліп, даралап қарауға болмайды. Сол секілді Қасым Аманжолов шығармашылығы да өз дәуірінің әдеби үдерісімен, оның даму өресі, көтерген проблемаларымен тарихи, саяси оқиғалармен тығыз бірлікте, тұтастықта болады. Сондықтан сол кездегі қоғамда болып жатқан өзгерістерді, тарихи, саяси оқиғаларды (ақын поэзиясында сол оқиғалар тікелей көрініс тапқандықтан) өмір шындығын, халық тағдырын, оның болашағын бейнелеуде ақын әдеби әдіс–тәсілдерге, көркемдегіш–бейнелеуіш құралдарға иек артты.

Қандай да болмасын қаламгер шығармашылығының ұлттық сипатына, бедеріне тоқталғанда айтылар ойдың негізгісі оның тілі. Елдікті сақтағысы келген халық, қарымды қаламгер ұрпақтан ұрпаққа мұра, мирас боп келе жатқан асыл қазынасы ана тілін келер буынға «бөбегіндей мәпелеп», қастерлеп ұзатып салуы тиіс. Тылсым табиғаттың сырын ұққан түйсікшіл бабаларымыз ана тілдің, баба тілдің құдірет–қуатына бас иіп, небір алмағайып замандарда аздырмай–тоздырмай, асқақтата әлдилеп, қасиеттеп, қадір тұтты. Осынау ұлы дәстүрді Қасым Аманжолов та берік ұстанды. Оның асау, тарпаң жырларында қазақтың тілдік қоры, асыл сөзі көркем көрініс тауып, құлпыра түсті. Академик З. Қабдоловтың «Жазушының тілі шұрайлы, сөздік қоры мол болу керек. Бұл – қалам иесіне қойылатын бұлжымас талап. Тіл байлығы сөз өнеріндегі мазмұн байлығына әкеледі. Ал халыққа қажет шығарма — мазмұнды шығарма», – деген пікіріне сүйенер болсақ, Қасым Аманжолов осы тұжырымға толық жауап бере алатын талант иесі. Көркемдеу құралының не түрлі жақсысын, соны да құнарлысын тауып, қолданып, өзінен бұрынғы ақындық дәстүрді ілгері дамытқан, қазақ поэзиясында ақындық тілдің жетілуіне Абай, Мағжан, Сұлтанмахмұттан кейін, зор үлес қосқан, жаңалық әкелген ақындардың бірі Қасым болды. Оның поэзияға қосқан жаңалықты іліп әкетіп, өз шығармаларында кеңінен, мейлінше молынан қолдана алған ізбасар шәкірттері болды.

Т. Айбергенов, Ж. Нәжімеденов, М. Мақатаев, К. Мырзабеков, С. Ақсұңқарұлы да Қасымның дәстүрін жалғастырып, дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыра білген, өлең–жырларында қазақтың оралымды бай тілінің көркемдік құралдарын мол да шебер пайдалана алған тіл қолданыстары ерекше ақындар. Бұл ақындардың поэтикалық тілі бүкіл бір әлем деуге болады, олардың өлең жүйесі немесе өрімі болсын, ырғағы мен ұйқасы, бунағы мен буыны болсын, яки ажарлау, айшықтаулары болсын, бәрі де тек аманжоловтық сипатта құбыла құлпырып тұрады. Мұның бәрі Қасым өлеңдеріндегі көркемдегіш–бейнелілік құралдардың қолданылуын жетік меңгеріп, ақын поэзиясындағы бейнелілік мәселесіне шұқшиып — оның поэзиясында суреттеу амал–тәсілдерінің қаншалықты, қалайша дамығандығын назарда ұстап, өз өлең–жырларына үлгі қылып алғандығы, яғни суреткерлік шеберлік жолында тынымсыз және талмай ізденген ақындардың алып әрекетінің нәтижесі.

Осы мақалада Қ. Аманжолов дәстүрін жалғастырушы ақындар поэзиясының бейнелілігіне, яғни образдылығына талдау жасалған. Ал образдылық дегеннің өзі сөздегі сурет, суретті, бейнелі сөз. Ақындар поэзиясындағы не нәрсенің (құбылыс, зат, ой) барлығы да осы бейнелеу құралдары, әсіресе бейнелеудің, ажарлау, құбылту әдістері арқылы беріледі.

Бейнелілік – бұл сезімдік тұрғыдан әлемді тану, адам баласының табиғат болмысына үңілу, тұрмыс тіршілік мәнісін бағалау, көңіл–күй құбылыстары және қиял ыркымен жүзеге асатын суретті, образды ұғымдардың жиынтығы.

Бейнелілік — өнер туындыларының өзіндік ерекшелігі, эстетикалық сұлулығы, дүниені болмысты сипаттап сөйлетудегі суреттілік, образдылық, өрнектілік.

«Бейнелі сөздер эстетикалық сезімнің, дүниені образды, бейнелі түрде танып, білетін және танытатын, көрсететін көркем ойдың бір ұрығы іспетті. Әрбір бейнелі сөз — бүгіннің бөлшегі», – деп жазады академик З. Ахметов.

Қайсы прозалық не поэзиялық шығарма болмасын, олардағы бүкіл идея, айтылмақ ой сөз арқылы беріледі. Сондықтан шығарма біткеннің барлығында да сөз, сөз қолданыс — ең негізгі орынды иеленеді. Жазушы не ақын сөзді қанша көп білген сайын, сөз сырын қанша терең меңгерген сайын олардың шығармаларының нәрі күшейіп, шырайы арта түседі. Ақын тілінің бай болуы — оның шеберлігінің, білімділігінің ең басты белгілерінің бірі. Сол үшін де С. Негимов өзінің «Ақын–жыраулар поэзиясының бейнелілігі» атты зерттеу еңбегінде былай дейді: «Ақындар халықтың ғасырлар бойы жасаған рухани–мәдени байлықтарын ана сүтіндей бойларына сіңіріп жатулары тиіс. Олар эпос тілінің дархан шалқарлығын, ұрпақтан–ұрпаққа мирас болып қалған ділмәр поэзияны, символикалық белгілерді, көркемдік–мәнерлегіш құрал–әдістемелердің алуан түрлі, сан қилы үлгілерін, қанатты, жатық тіркестерді меңгеруге, игеруге ұмтылды. Ақынның қаруы — тіл. Күллі құбылыстар құпиясы мен олардың сабақтастығын айтып бере алатын күш — поэзия десек, ал поэзия тілі — образды қуат пен бейнелі суреттің, сұлу ырғақ пен төгілмелі ұйқастың негізі» [1: 13]. Бұдан шығатын қорытынды — ақындар тілдің көркемдегіш құралдарын мейлінше көп пайдаланған сайын олардың тынысы кеңі бермек.

Өлең ақын жүрегінен сыртқы әсерлердің нәтижесінде туады. Ол — ақынның өмірден алған әсері мен сезімнің материалдық көрінісі, сөз кестесіне түскен өрнегі деуге болады. Қарапайым адам өз сезімін таңданып–тамсана отырып басқа адамға айтып берумен ғана шектелсе, ақын іштей толғаныс, эмоциялық серпін арқылы туған шығармасымен баяндап береді. Шындық болмысты суреткер өзінше қабылдап, ол туралы өзінше ой қорытады. Шынайы шығарма өзек болмақшы түйсік өз формасын іздейді. Сезім материалдық бейнеге айналу үшін ақын қиялын өлең пішінімен дүниеге әкеледі. Ол қарадүрсін ғана баяндай салынбайды, көркем де нақышты болуы ойластырылады, осы орайда сөз шеберінің халықтық тіл байлығын қалай меңгергендігі сынға түседі. Тіл өзінің ғасырлар бойы даму, қалыптасу процесіне ой мен сезімді образды етіп берудің амал–тәсілдеріне ие болды. Сол шексіз иірім шеберлігінің үлгісіне сүйенген ақын өз зердесі арқылы небір сөз маржандарын шығармасына пайдаланып, көркем бейнелеу синтезін жасайды.

Қ. Аманжоловтың поэзия әлеміне енгізіп кеткен жаңашылдығын жалғастырушы Төлеген мен Жүмекеннің, Мұқағали мен Кеңшіліктің, Серік Ақсұңқарұлының шығармаларындағы бейнелілігін зерттеуде А. Байтұрсыновтың, М. Базарбаевтың, Қ. Жұмалиевтің, Р. Нұрғалидың әдеби–теориялық еңбектеріндегі тұжырым–қағидалар көп жайтты аңғартады.

Өлеңді ажарлау құралдарының бірі — ассонанс пен аллитерация. Поэзияда қайталанып келетін бірыңғай дауысты дыбыстар ассонанс, ал, бірыңғай дауыссыз дыбыстар аллитерация болып есептеледі. Қ. Аманжоловта осының екеуі де бар.

Қ. Аманжолов:

Толқыннан мен бе болар қорқынышты,  
Толқыны өз жанымның одан күшті.  
Толқытып тарта бердім әнге басып,  
Бір мезет қыз көзіне көзім түсті [2: 165].

Ж. Нәжімеденов:

Теңізде ашық жатқан жұлдыздарды  
Толқындар ұмтылады жабамын деп.  
Талықсып ескен самал баяулайды,  
Сайларға бозғыл сағым қалады ұйып [3: 10].

Т. Айбергенов:

Қош боп тұр, қарағай мен көл өлкесі,  
Қария қарлы шыңдар көлеңкесі.  
Қош боп тұр, ашаң жүзді қара бұрым,  
Қагілез қайыңдардың желең төсі... [4: 149].

К. Мырзабеков:

Бастығып қалған ба, шырағым,

Басылмай келіп ем құмарып,  
Басына жеттім де құладым [5: 26].

М. Мақатаев:

Қазбауыр бұлты аспанда мамырлаған,  
Қарасаз, қара шалғын шабылмаған,  
Қайда жүр, сылқым жеңгем, сабырлы ағам?  
Қайран жұрт, қазір бәрі сағым маған [6: 30].

С. Ақсұңқарұлы:

Қарасам аспаным — қара тұман.  
Көз талып, көкке қарап таң атырам.  
Құс болса келетұғын кезі болды,  
Қайырылып қаламаса егер қанатынан [7: 287].

Бұл үзінділерде «Т», «Б», «Қ» дауыссыз дыбыстары әр тармақтың басында келген. Бұл құлаққа жағымды естіліп, ішкі көркем үндестікті қалыптастырып тұр. Дыбыстарды қайталау арқылы шығарманың акустикасы күшейіп, музыкалық қасиеті артып тұр. Енді ассонансқа мысал келтіретін болсақ:

Қ. Аманжолов:

Амал қанаша! Жалмауыздар желікті,  
Аямапты, ақын қанын төгіпті,  
Ақын ұлан қоштасарда жанымен  
Ақтық рет: күндей күлген көрікті [2: 56].

Т. Айбергенов:

Ойларыма жібер ұшқыр қиял сап,  
О, қайындар, тұрмын сенен күй аңсап.  
Ол да сендей қаз омырау, сұңғақ бой,  
Ол да сендей кей кездері ұялшак [4: 55].

К. Мырзабеков:

Әуелден жалқы, әкеден жалғыз әулеті,  
Әбубәкір әуәй, ақкөңіл жігіт, әулекі [5: 43].

Ж. Нәжімеденов:

Алу керек, алу керек, көп керек,  
Ақысына көкірегімен от төлеп,  
Алдағымды арман қылып алғанша,  
Ал алған соң тағы қалам өкпелеп [3: 65].

С. Ақсұңқарұлы:

– Ассалаумалейкум, уа, әлем!  
Аспандай рухы мөп–мөлдір,  
Ақ көңіл едім туа мен [7: 77].

Мұнда «О», «А», «Ә» дауысты дыбыстарын қайталаған. К. Мырзабеков пен Ж. Нәжімеденов тармақтарды «А», «Ә» дыбысынан бастап, сол дыбысты шумақтың өне бойына арқау қылған. Ақындар осылайша дыбысты тармақтардың ішінде қайталау әдісін ұтымды қолданумен қатар, тармақтағы ішкі ұйқастарға ден қояған.

«Тілдің көріктеу құралдарының бәрі — бірі мен бірі өзара тығыз байланыстағы, қарым–қатынастағы, аралас–құралас жатқан және жарыса қолданылып, бірін–бірі үстеп, толықтырып жатқан нәрселер» [8: 196].

Шынында да бірімен–бірі іліктесіп, сабақтасып, ұштасып, үйлесіп жатқан мәнерлегіш — суреттегіш құралдардың арасында «қытай қорғаны» жоқ.

Жалпы, поэзияның көркемдік құрылысында, ойды образды жеткізуде айқындаудың мәні ерекше елеулі. Айқындау сөз айқындалушы мүшенің маңызын, сыр-сипатын, ерекшелігін анағұрлым тереңірек баяндайды.

«Айқындау — заттың не құбылыстың айрықша белгісін, қасиетін білдіретін бейнелі сөз» [9: 394].

Айқындау ұғымға, нәрсеге бейнелік, нақтылық сипат береді. Айқындау — образдық арқаулар мен мағыналық желілердің тоғысқан торабы.

Айқындау образ тағдырын шешеді, образды анықтайды, мүсіндейді. Айқындау — тереңдік, ой өрісі, интуиция, қырағылық.

Айқындау сөздер дүниені, өмірді жан-жақты қамтып, кеңінен сипаттайды. Адамдардың іс-әрекеттеріне, көңіл-күй өзгерістеріне, имандылығына, жан толғаныстарына, қабілет, қарымына байланысты туындайды.

«Асылында, айқындау нәрсені я көркейтеу үшін, я лақаптау үшін айтылады. Сарыарқа, шалқар көл, ақтылы қой сияқты лебіздерде сары, шалқар, ақтылы деген айқындаулар көркейтеу үшін айтылып отыр. Асан Қайғы, Ер Тарғын, Қаз дауысты Қазыбек деген сөздерде қайғы, ер, қаз дауысты деген сөздер лақаптау үшін айтылып тұр» деп, айқындау табиғаты хақында ой тербейді А.Байтұрсынов [10: 155].

Айқындау — көркемдеу құралдарының бұрын да, бүгін де ең көп қолданылып келе жатқан мол түрінің бірі. Айқындау ақынның өлең етіп отырған объектісіне байланысты оның бір қырына, оның бір сапалық ерекшелігіне өзгеше назар аудару, соны даралап, оқшаулап айта түсу, айқындап сипаттай түсу мақсатында қолданылатын бейнелі сөз — көркемдеу құралының бір түрі.

Қ. Аманжоловтың дәл осы мақсатты ұстанғандығынан болу керек, оның шығармашылығы көркемдеу құралының дәл осы айқындау түріне тұнып тұр. Сонымен қатар, бұл Қ. Аманжоловтың қазақ тілінің мән-мағынасын, құбылғыш та құлпырғыш табиғатын, бар мінезін және поэзияға өзек боларлық объектіні — өмір құбылысын көре білу, танып, таңдап ала білумен бірге, оны жан-жақты жете білетіндігінде. Сөйтіп, көңіліндегі көрікті ойын өнер етіп, құйып шығара алатын шебер суреткерлігінде, ақындық талант күдіретінде. Қ. Аманжолов шығармашылығы айқындауға толып тұр. Мұның объективті заңдылығы бар. Көркемдеу құралдарын қолдану суреткердің алдына қойып отырған ой-ниетіне, мақсатына байланысты туады, соған қызмет етеді.

Қ. Аманжолов көркемдеу құралдарын, соның ішінде айқындауды қолдануда бұрынан бар жолдар мен тәсілдерді ұстанған. Оның біріншісі — сын есім немесе анықтауыш ретінде анықтайтын сөзінің алдында тұрып оны тура айқындайтын түрі немесе тура эпитет. Мысалы: «Жүйрік желмен жарысып», «Долы желі ысқырып», «Батпан қару үйірген», «Жебелі садақ толғаған», «Желекті найза қолға алған», «Шабынып тиген жау мынау», «Асау өзен ақырып», «Асқар таудан дүркіреп», т.б. Дәл осындай айқындауышты Төлеген де өлеңдерінде көптеп қолданған. Мысалы: «Көк мұхитта қайығым қирап қалды», «Ақ жазықтан ағып ұшып өттің бе?», «Шырт ұйқымнан оянамын елеуреп», «Қазды көл, қоғалы көл, балықты көл», «Көк теңіз, толқыныңмен бекіре жалды», «Түседі тар соқпағым тезге менің», «Көк аспанмен таласа», «Ақ қайың боп төбемде дөңгеленіп», «Сен менің алтын ұям, жыр бесігім, Жанымда шоқ боп жанып тұр есімің», «Қия тасты, ұя тасты, ақ тасты» т.б. Жүмекен өлеңдеріндегі тура эпитеттерді де барлап қарайтын болсақ, олар өзінің анықтайтын сөзінің алдына келіп, көбіне жалаң күйінде кездеседі: «Шұбар шың», «ала бұлақ», «бала бұлақ», «қара емен», «бурыл шаш», «киелі топырақ», «кәрі әже», «қара шал», «қызыл сөз», «ағаш аяқ», «сауықшыл жас», «қара өлең» т.б. Сол сияқты Ақсұңқарұлының шығармаларынан да тура айқындауыштың небір түрлерін байқаймыз: «Қызыл қан», «ашы жас», «түнек түн», «ақ тан», «шыбын жан», «шерлі ел», «құсалы ел», «айлы түн», «тұмса бұлақ» т.б. Осы мысалдардағы асты сызылған сөздердің бәрі айқындайтын сөздің алдында келіп тұрған тура эпитеттер.

Қ. Аманжолов эпитеттер арқылы адам образының, өмір құбылыстарының бір қырларын нақты бір дәлдікпен суреттей алған. Мысалы: «Жалын жігер, шоқ сана», «Есі шыққан ескілік қалды сасып», «Кекті көзді қарайды артқа», «Жалын жүрек, жасын тіл, жас ақынның», «Дөңгелек көзі мөлдірейді», «Жемге тойған қара құс», «Сырты бүтін, олардың іші қуыс», «Шаңқылдап үрген шақал жау», «Күтіп тұрды жарлы ауыл», «Бұл күнде от шайнаған тентек інін», «Жараланған жауыздық» деген жолдарда адам портреті, адам мінезінің жалт еткен бір қыры, нәзік бір сезім жарқ етіп көрініп қалып отырғаны айқын тұр. Ал, мөлдіреген дөңгелек көз, от шашқан кекті көздер бейнеленген сурет портрет қана емес, адамның ішкі сезім дүниесін де танытып жатыр. Не болмаса «есі шығып, сасып қалған ескілік

бейнесі» жеке адам емес, бүкіл бір дәуір, бір қоғам адамдарының тағдырын шешкен құбылыстан, заман бейнесінен адамдар тағдырынан да хабар айтып тұр.

Қасымның шеберлігінен жалықпай үйренген Жүмекен тіл орамының аса икемділігінің нәтижесінде мынандай үйлесімді, нақты бір дәлдікке негізделген эпитеттерді туғызған. Мысалы: «именшек сәуле», «ашқылтым ой», «жылаңқы бұлт» эпитеттері образға айналып тұрса, «жымысқы жел», «күнкіл ақыл», «кер сөз», «сайқымазақ самал», «жалқау құм», «күміс бұтақ найзағай», «қытықшыл айдын» т.б. эпитеттер жанданып құбылысты кейіптеу ұғымына айналған. Сонымен қатар Қасым ізімен Жүмекен күрделі эпитет жасауда дәлдігімен оқырманын иландыра алған. Мысалы: «костюм киген ақындар», «күпі киген өлеңдер», «соқыр болжам», «сорлы пиғыл өсектер», «киіз қапты домбыра», «қадір артық кісі». Мұндай мысалдардың қатарын әлде де ұзартуға болады. Келтірілген айқындаулардың нақтылығы — Жүмекеннің қазақ әдебиеті классигі Қ.Аманжолов поэзиясына көбірек үнілгендігінің белгісі тәрізді.

#### *Нәтижелер мен олардың талқылануы*

Көркем шығармада синонимдерді, мәндес сөздерді қолдануда көп мән бар. Олар сөз төркінін, сөздің мән-мағынасын, күллі қырын танып, орнымен қолданған жерде шығарманы ажарлап, әрлендіріп, көріктендіріп жібереді. Ал бір мағынаны білдіретін он сөз ойлап, оның өзіне ең қажеттісін, ең қонымды, үйлесімдісін танып, таңдап алып пайдалану – ақындық шеберлік. Ақындық шеберліктің қыр-сырын Қ.Аманжоловтай жетік меңгерген Төлеген мен Жүмекен де, Мұқағали мен Кеңшілік те ерекше дарынды ақындар деп танымыз.

Көркем шығармада сөз қолданудың тағы бір тәсілі — үні, естілуі жағынан біркелкі, бірақ мән-мағынасы басқа-басқа — омоним деп аталатын сөздер. Егер синоним сөздерде бір ойды бірнеше сөзбен жеткізуге болатын болса, омоним сөздер де дыбыстардың қайталануы арқылы үннің бірдей естілуі ғана, ал, мағына басқа-басқа болып келеді.

#### *Қорытынды*

Зерттеу барысында көркем әдебиеттің жетекші жанрына жататын поэзиялық туындылар талданды. Қасым шығармаларындағы және оның ізін басқан ақындар поэзиясындағы көркемдеу құралдарының фигуралар түріндегі негізгі нұсқалар келтірілді. Бірақ бұл ең соңғы сөз, Қасым және оның ақын шәкірттерінің шығармашылығындағы көркемдеу құралдарын қолдану тұрғысынан бұдан әрі қарай сөз етудің керегі жоқ деген ұғым емес. Ақтара қарап, үңіле зерттесе әлі де айтылар жайлар табылады деген ойдамыз.

Қ. Аманжолов өз өмірі арқылы, аса қуатты поэзиясы арқылы тәуелсіздік идеясын асқақтата білді. Аталмыш еңбекте көркем шығарманы осылай талдау керек деген талап қоймайды. Біз ақын шығармаларындағы көркемдік категория деген ұғымды ғана қысқаша сөз еттік.

#### *Әдебиеттер тізімі*

- 1 Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі / С. Негимов. — Алматы, 1991. — 196 б.
- 2 Аманжолов Қ. Екі томдық шығармалар жинағы / Қ. Аманжолов, құраст. Д.Қ. Аманжолова. — Алматы: Тенгри, 2001. — 1 т. Өлеңдер мен поэмалар. — 344 б.
- 3 Нәжімеденов Ж. Екі томдық шығармалар жинағы / Ж.Нәжімеденов. — Алматы: Жазушы, 2005. — 1 т. — 296 б.
- 4 Айбергенов Т. Аруана — бауыр дүние / Т. Айбергенов. — Алматы: Атамұра, 2003. — 208 б.
- 5 Мырзабеков К. Жолға салдым көшімді / К. Мырзабеков. — Астана: Елорда, 2001. — 208 б.
- 6 Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы / М. Мақатаев. — Алматы, 2007. — 2 т. — 384 б.
- 7 Ақсұңқарұлы С. Адам Ата — Науа Ана / С. Ақсұңқарұлы. — Алматы, 2000. — 432 б.
- 8 Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар / З. Қабдолов. — Алматы, 1983. — 2 т. — 398 б.
- 9 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. / Құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбай. — Семей-Новосибирск, «Талер-Пресс», 2006. — 398 б.
- 10 Байтұрсынов А. Шығармалары / А. Байтұрсынов. — Алматы: Жазушы, 1989. — 320 б.

К.М. Хамзина, М.Т. Оспанғалиева, Ж.З. Кадина

### Художественно-эстетические особенности в поэзии Касыма Аманжолова

В статье представлены выводы и результаты анализа произведений казахского народного поэта К. Аманжолова. Основное внимание уделено соотношению художественных подходов, используемых в творчестве автора, системе художественного и эстетического исследования. Авторская индивидуальность, мастерство, стилистическая черта стали основой анализа и обстоятельного обсуждения. Произведения в ходе исследования включают содержание и форму, историческую реальность, художественные решения и др. Также было рассмотрено влияние великих поэтов, составлявших основу творческого стиля К. Аманжолова. Авторами отмечено, что Касым Аманжолов – автор не только лирических произведений, но и великий поэт-эпик. Данный труд посвящен вечности поэзии и огромной ценности наследия поэта.

*Ключевые слова:* поэзия, поэт, произведение, жанр, анализ, содержание и форма, художественные подходы.

К.М. Khamzina, M.T. Ospangalieva, Zh.Z. Kadina

### Characteristics of the artistic and aesthetic analysis of the poetry of Kasym Amanzholov

This article presents the conclusions and results of the analysis of the works of the Kazakh national poet K. Amanzholov. The main attention is paid to the correlation of artistic approaches used in the author's work, to the system of artistic and aesthetic research. The author's individuality, skill, stylistic trait are the basis for analysis and detailed discussion. The analyzed works in the course of the research include content and form, historical reality, artistic solutions, etc. The influence of great poets, who formed the basis of K. Amanzholov's creative style, is also analyzed. The article notes that Kasym Amanzholov is not only the author of lyric works but also a great poet-epic. This work is dedicated to the eternity of poetry and the enormous value of the poet's heritage.

*Keywords:* poetry, poet, work, genre, analysis.

#### References

- 1 Negimov, S. (1991). Aqyn-zhyraular poeziiasynyn beineliligi [The imagery of the poetry of poets and poetesses]. Almaty [in Kazakh].
- 2 Amanzholov, Q. (2001). Eki tomdyq shygarmalar zhinagy [A two-volume collection of works]. Vol. 1. Almaty [in Kazakh].
- 3 Nazhimedenov, Zh. (2005). Eki tomdyq shygarmalar zhinagy [A two-volume collection of works]. Vol. 1. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 4 Aibergenov, T. (2003). Aruana – bauyr dunie [Aruana is the liver of the world]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 5 Myrzabekov, K. (2001). Zholga saldym koshimdi [I set off]. Astana: Elorda [in Kazakh].
- 6 Maqataev, M. (2007). Shygarmalarynyn tolyq zhinagy [Complete collection of works]. Vol. 2. Almaty [in Kazakh].
- 7 Aqsunqaruly, S. (2000). Adam Ata – haua Ana [Adam and Eve]. Almaty [in Kazakh].
- 8 Qabdolov, Z. (1983). Tandamaly shygarmalar [Favorite works]. Vol. 2. Almaty [in Kazakh].
- 9 Akhmetov, Z., & Shanbai, T. (Eds.). Adebiettanu. Terminder sozdigi [Literary criticism. Glossary of terms]. Semei–Novosibirsk [in Kazakh].
- 10 Baitursynov, A. (1989). Shygarmalary [Works]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].